

**Саран қалалық мәслихатының 5 сессиясының 2008 жылғы 27 мамырдағы " Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстары ұйымдастыру және Саран қаласы мен Ақтас кенті аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" N 114 шешіміне өзгерту мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Саран қаласы мәслихатының 34 сессиясының 2011 жылғы 30 наурыздағы N 545 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 мамырда N 8-7-119 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 13 сессиясының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы N 138 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 13 сессиясының 2012.12.06 N 138 шешімімен.**

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексі негізінде, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы заңына сәйкес Саран қалалық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. 2008 жылғы 27 мамырдағы Саран қалалық мәслихатының 5 сессиясының " Абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстары ұйымдастыру және Саран қаласы мен Ақтас кенті аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" (2008 жылғы 7 қыркүйекте нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-7-66, 2008 жылғы 12 шілдеде "Ваша газета" газетінде N 28 жариялаған) N 114 шешіміне келесі өзгерту мен толықтыру енгізілсін:

1) 25 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"25. Жинастыру жұмыстары өкілетті органмен бекітілген нұсқаулар және технологиялық ұсыныстарға, абаттандыру паспорттарына және осы Ережелер талаптарына сәйкес атқарылады.";

2) осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қағиданың қосымшасы толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Саран қалалық мәслихатының коммуналдық шаруашылық, өнеркәсіп, кәсіпкерлікті дамыту, экология және жер қатынастары бойынша тұрақты комиссияның төрағасы Д.А. Ахмадуллинге және Саран қаласының әкімінің орынбасары М.М. Қожықовқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет мекемелерінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін өз күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*И. Блат*

*Мәслихат хатшысы*

*Р. Бекбанов*

Саран қалалық мәслихатының  
2011 жылғы 30 наурыздағы  
34 сессиясының N 545 шешіміне  
қосымша  
Абаттандыру, санитарлық жабдықтау  
жинау жұмыстарын ұйымдастыру  
және Саран қаласы мен Ақтас  
аумағында тазалықты қамтамасыз ету  
Қағидаларына қосымша

### **Аумақты абаттандыру, жинау және ұстау паспорты**

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_

(заңды мекен-жайы, телефоны)

1. Басшының Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_

(телефон, СТН)

2. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға шарт N, күні \_\_\_\_\_

3. Қатты төселім ауданы, м<sup>2</sup> \_\_\_\_\_

4. Көгал ауданы, м<sup>2</sup> \_\_\_\_\_

5. Ағаштар, көшеттер саны, дана \_\_\_\_\_

6. Шағын сәулет мүсіндерінің бары, дана \_\_\_\_\_

7. Сыпырушылардың бары (саны) және аумақты жинастыру бойынша  
N \_\_\_\_\_

Заңды тұлғаның басшысы осы паспортта көрсетілген мәліметтері өзгерген жағдайда Саран қала әкімі аппараттына хабарлау және абаттандыру, жинастыру, тазалықты қамтамасыз ету паспортын алуы тиіс.

М . О .

\_\_\_\_\_

Т . А . Ә .

\_\_\_\_\_

(басшының қолы)

Саран қаласының әкімі \_\_\_\_\_


Т . А . Ә .

(қолы)

Берілді \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

М.О.

### Бекітілген аумақ схемасы



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК